

Мәміле

Тексерген: Шаймерденова А.А

Орындаған: Ғизат М.Н

Есеп және аудит

2 курс к.о

ЖОСПАР:

- 1. Мәміле түсінігі
- 2. Бәсекелестіктің негізгі принциптері...
- 3. Монополистік қызметтің түрлері...
- 4. Жосықсыз бәсекелестік...
- 5. Қорытынды...
- 6. Әдебиеттер тізімі...



МӘМІЛЕ ТҮСІНІГІ

- **Мәміле** — азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтауға бағытталған әрекеттері.
- Мәміле — бұл әрекет, яғни адамдардың саналы іс- әрекеттерінің нәтижесі. Барлық әрекеттер заңды және заңсыз болып бөлінеді. Мәмілені жасау заңды әрекет болып табылады және ол заңға сәйкес келеді.
- Мәмілені жасау — мәміле субъектілерінің арнайы әрекет жасауға деген ниеті.
- Мәміле заң фактілерінің санатына жатады, яғни азаматтық-құқықтық қарым-қатынастардың тууына, өзгертілуі мен тоқтатылуына негіз болады.
- Мәміле — арнайы нәтижеге жетуге бағытталған әрекеттер. Субъекті еркінің осы бағыттылығы мәмілені заңдылықтардан ерекшелендіреді. Егер субъекті заңды қылықтар жасаған болса, онда тұлғаның әрекеті неге бағытталғанына қарамастан құқықтық салдар туындайды.
- Арнайы құқықтық нәтижелерге жетуге бағытталғандық мәмілені әкімшілік актілермен жақындастырады.



- Мәміленің, мейлінше, көп тараған түрі шарт (яни екі жақты немесе көп жақты мәміле). Бір адамның еркін білдіретін бір жақты мәмілелер де болады (мысалы, өсиет). Азаматтар мен заңды тұлғалардың, делінген АҚ — тің 147 бабында, азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәмілелер деп танылады
- Қазіргі уақытта кейбір шарттар үшін, мысалы, жеке меншік иелігіндегі құрылысты немесе басқа қозғалмайтын мүлікті құқығын беруге байланысты, нотариалдық куәландырудан басқа заң олардың тиісті мемлекеттік органдарда тіркелуін көздейді. Мұндай шарт тіркелген сәттен бастап жасалды деп саналады
- Мәмілеге қатысушылардың ерік білдіру әдісін мәміленің нысаны деп атайды. Егер мәмілеге қатысушылар өздерінің еркін ауызша айтқан болса, онда бұл ауызша жасалған мәміле болады. Мысалы, телефонмен жасалған мәміле ауызша жасалған болып есептеледі.











